

ӨОЖ 81-115

ГТАХР 16.21.31

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.014>

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ «ОҚУ ҚҰРАЛЫ»
БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ, МАЗМҰНДЫҚ,
ГРАФИКАЛЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

*Маралбек Е.¹, Қожахмет Ә.М.²

^{*1} Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Алматы, Қазақстан

² әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» деп аталатын желілес кітаптарының жиырма үш басылымы өзара салыстырылып, олардың құрылымдық, мазмұндық және графикалық ерекшелігі талданып, эволюциясы анықталады. Ғалымның аталған желілес оқулықтары қазақ ғылымы мен білім беру саласының бастауында тұрған ізашар, ұлттық сипаттағы классикалық еңбек болғандықтан, бүгінгі таңда қазақша оқулықтар дайындау үшін айрықша маңызға ие. Десе де қазақ тіл білімінде «Оқу құралы» басылымдары қазірге дейін салыстырылып, толық библиографиясы жасалмады және текстологиялық ерекшелігі арнайы қарастырылмады. Тіпті толық басылымдары кирил графикасымен жарық көрген жоқ. Сондықтан да оқулық басылымдары арнайы зерттеу нысаны етілді. Зерттеудің мақсаты – Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» деп аталған желілес кітаптардың эволюциясын зерттеу арқылы ғалымның әліппе, оқулық жазу тәжірибесін анықтау. Талдау үш кезеңге бөліп жүргізілді: бірінші кезеңде «Оқу құралының» жинақталған жиырма үш басылымы төрт топқа жіктеліп, құрылымдық, деректемелік ерекшеліктері сөз болады. Бұл кезеңде зерттеу деректанымдық бағытта жүргізіледі; екінші кезеңде «Оқу құралы» басылымдарының мазмұндық ерекшеліктері талданады. Бұл кезеңде зерттеу лингводидактикалық бағытта жүргізіледі; үшінші кезеңде «Оқу құралы» басылымдарының графикалық ерекшеліктері өзара салыстырылды. Бұл кезеңде зерттеу лингвотекстологиялық бағытта жүргізіледі. Нәтижесінде «Оқу құралы» басылымдарының құрылымы мен жүйесіндегі өзгерістер, мазмұнындағы толықтырулар мен түзетулер, графикалық эволюциясы анықталды. Сондай-ақ мұрағаттық зерттеулер нәтижесінде анықталған «Оқу құралы» басылымдарының бүгінгі тіл біліміне, ғалымдарға белгісіз бірнеше нұсқалары туралы деректер айтылып, кейбір зерттеушілер көрсетіп жүрген ағат басылымдар туралы дәйектер ұсынылады. Зерттеу «Оқу құралының» түпнұсқа басылымдары негізінде жүргізілді. Зерттеудің барлық кезеңінде салыстырмалы-тарихи,

текстологиялық және сипаттамалық әдістер интегративті сипатта қолданылды. Соңында «Оқу құралы» басылымдарының өзгеру, даму себептері мен одан туған нәтижелерге баға берілді және қорытынды тұжырымдар шығарылды. Зерттеу тұжырымдары мен нәтижелері Ахмет Байтұрсынұлының оқулық дайындау тәжірибесін тануға мүмкіндік беріп, қазақ тілі әліппесін ұлттық сипатта дайындау үшін ғылыми-әдіснамалық негіз бола алады. Сондай-ақ қазақ жазуының түйткілді мәселелерін зерттеуде теориялық негіз болады және жазу теориясының ғылыми базасын кеңейтеді.

Тірек сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, «Оқу құралы», «Әліппе», «Байтұрсынұлы әліппі», жазу, емле, төте жазу, жазу тарихы

Кіріспе

Қазақ ұлттық ғылымы ХХ ғасыр басындағы қазақ оқулықтарынан жүйелі бастау алады. Осы оқулықтардың ішіндегі ең алғашқысы және ұлттық сипатымен ерекшеленетіні – Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «оқу құралы» деп аталатын балаларға арналған әліппесі болды. Оқулықтың ұлттық сипаты мазмұнынан ғана емес, графикалық бейнесі, тілі, лингводидактикалық ерекшелігінен де көрінеді. «Оқу құралы» еңбегінде жүйеленген тіл білімінің мәселелері, оның ішінде жазу мәселесі ұлттық ғылымының дүниеге келуінің алғашқы баспалдағы деуге болды. «Оқу құралы» оқулығына осылай баға бере салу жеткіліксіз, мұның мәнін дәйектеу қажет.

Ахмет Байтұрсынұлының «оқу құралы» деп аталатын желілес кітаптары мен оның көптеген басылымдары бұрын-соңды арнайы лингвистикалық, лингвотекстологиялық зерттеу нысаны болмады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ғалым еңбектері кирил қарпімен қайта жарық көре бастағанымен, «оқу құралы», «әліппе» аталатын бірнеше басылымдар әлденеше рет жарық көріп, ғалым еңбектерінің көптомдығына енгенімен, аталмыш еңбектің толық басылымдары өзара салыстырылып, олардың құрылымдық, мазмұндық және графикалық эволюциясы анықталмады, сондай-ақ «Оқу құралы» басылымдарының толық библиографиясы жасалмады. Мұны ахметтанудағы, ғалымның тілтанымдық мұрасы мен әдістемесін зерттеудегі үлкен олқылықтың бірі деуге болады. Өйткені ғалым ойы, ғылыми-шығармашылық қызметі ұдайы даму үстінде болғаны, дәуір тынысы мен заман сынына қарай, оқушылар мен қоғамның сауаттылық деңгейіне сәйкес жетілдіріліп отырғаны белгілі. Ғалым еңбектерінің көптеген басылымдарында бір-бірімен тұтасып, тамырдай тарамданып жатқан әрбір жеке тұжырымдарын ескермей, зерттеу нысанын әр тақырып бойынша кешенді түрде құрмаластықта қарастырмай тұрып, ғалым ойқазынасын ашу, таным жұлгесі мен жүйесіне терең бойлау мүмкін емес.

Олай болса, «Оқу құралы» басылымдарының құрылымдық, мазмұндық, графикалық эволюциясын зерттеу нысаны ету, әуелі – Ахмет Байтұрсынұлының академиялық, лингвистикалық толық шығармалар жинағын құрастырып, оқырман назарына ұсыну үшін ғылыми түсініктемелік сипатқа ие және қазақ тілі әліппесін ұлттық сипатта дайындау үшін әдіснамалық негіз бола алады. Сондай-ақ қазақ жазуының түйткілді мәселелерін зерттеуде теориялық негіз бола алады. Демек мақала А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулық дайындау тәжірибесін зерттеуді мақсат етеді.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер желісіне жауап іздеу керек:

Бірінші, «Оқу құралы» басылымдарының санын және түрлерін анықтау;

Екінші, «Оқу құралы» (Әліппе) басылымдарының құрылымдық, мазмұндық, графикалық эволюциясын талдау;

Үшінші, «Сауат ашқыш» басылымдарының құрылымдық, мазмұндық, графикалық эволюциясын анықтау;

Төртінші, «Баяншы» басылымдарының құрылымдық, мазмұндық, графикалық эволюциясын талдау;

Бесінші, «Оқу құралы» (Хрестоматия) басылымдарының ерекшелігін көрсету.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

«Оқу құралы» басылымдарын құрылымдық, мазмұндық және графикалық ерекшеліктерін түпнұсқа деректерсіз анықтау мүмкін емес. Сондықтан бұл зерттеуде архивтік әдіс негізгі әдістердің бірі саналады. Бірінші кезекте Қазақстан мен шетелдік кітапханалардан, архивтерден Ахмет Байтұрсынұлының түпнұсқа еңбектері жинақталды.

Зерттеудің келесі кезеңінде «Оқу құралының» жинақталған 23 басылымы төрт топқа жіктеліп, құрылымдық, мазмұндық және графикалық ерекшеліктері өзара салыстырылды. Нәтижесінде «Оқу құралы» басылымдарының құрылымдық, мазмұндық және графикалық эволюциясы анықталды. Бұл кезең үшін салыстырмалы-тарихи, текстологиялық және сипаттамалы әдістер интегративті сипатта қолданылды.

Зерттеудің соңғы кезеңінде «Оқу құралының» толық басылымдары негізінде өзгеру, даму себептері мен одан туған нәтижелерге талдау жасалып, баға берілді және қорытынды тұжырымдар шығарылды. Бұл үшін құрылымдық және сипаттамалы әдістер қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеудің ғылыми дереккөзі ретінде атап айтарлықтай мақалада қойылған міндеттерді тікелей қарастырған еңбектер жоқ. Өйткені «Оқу

құралы» еңбегінің барлық басылымдары текстологиялық тұрғыдан мүлде зерттелмеді. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің жинағы мен көптомдықтарында «Оқу құралы» басылымдары туралы библиографиялық деректер кездеседі, бірақ онда мазмұндық, графикалық мәселелер айтылмайды. Бұлардың қатарында Ғ.Әнес [1], [2] пен Г.Мамырбектің [3], [4] бірнеше мақалаларын атауға болады. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері топтастырылған «Тіл тағылымы» [5], «Бес томдық шығармалар жинағы» [6], «Алты томдық шығармалар жинағы» [7], «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты бір томдық антология [8], «Он екі томдық шығармалар жинағы» [9] зерттеудің ғылыми-материалдық базасы бола алады.

Зерттеудің негізгі материалдық базасы – отандық және шетелдік сирек кітаптар қорынан жинақталған «Оқу құралының» 23 басылымы. Атап айтқанда: ысул сутие жолымен тәртіп етілген 1912 жылғы «Қазақша алфба», 1913 жылы шыққан «Алфбаға жалғас 2-кітап», бұл екі басылым біріктіріліп, ал кейде 1-кітап жеке басылған «Оқу құралының» 1914, 1916, 1920, 1921, 1922, 1923, 1924, 1925 жылғы басылымдары, сондай-ақ жаңа емлемен, түрлі суреттерімен жаңартылып басылған «Жаңа құрал» атты әліппенің 1926, 1927, 1928 үш басылымы. Бұл басылымдар зерттеудің толық материалдық базасын құрайды.

Нәтижелер және талқылау

Ендігі кезекте аталған 23 басылым «Оқу құралының» *құрылымдық, мазмұндық, графикалық* өзгешеліктері қандай, соған тоқталайық. Ол үшін аталған басылымды мазмұны мен нысанына қарай топтарға бөліп, әр топтағы басылымдарды бөлек-бөлек салыстыру керек:

1. Балаларға арналған әліппе, бірінші кітап – 13 басылым;
2. Араб-парсы сөздерін жазуға арналған әліппе, екінші кітап – 6 басылым;
3. Мұғалімдерге арналған «Баяншы» – 4 басылым;
4. «Сауат ашқыш» – 3 басылым;
5. Хрестоматия – 3 басылым.

Бұл басылымдарды осы ретпен салыстырғанда, «Оқу құралы» еңбектер желісінің эволюциясы анық көрінеді.

1912 жылы «Оқу құралы» (Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша Алфба, бірінші кітап) Орынборда жарық көрді. Ғалым бұл оқулықты жазу барысында қандай еңбектерді басшылыққа алды, бұл – әлі анықталмаған, өз алдына зерттеуді қажет ететін тақырып. Біздің болжамымызша орысша оқулықтар мен Уфа, Қазан қалаларында басылған арабграфикалы мұсылманша оқулықтарды қатар пайдаланған сияқты. Өйткені «Ысул сутие» дегеннің өзі – оқулық мазмұнының өзегі, қолданылған әдістің арабша атауы. «Ысул» – «әдіс», «сутие» – «жаңа» дегенді білдіреді. Бұл «дыбыстық

әдіс» деп те аталады. Ал «Алфба» – мұсылманша медреселерде Құран қаріптерін үйрететін оқулықтар үшін бұрыннан қолданылып келе жатқан дәстүрлі атау. Сондай-ақ «Оқу құралы» еңбегінде берілген қаріптердің алфавиттік рет-тәртібі өзіне дейінгі Құран әліпбилерінің тәртібімен сәйкес келеді. Бұның өзі «Оқу құралы» мұсылманша кітаптардан негізін үзбегенін байқатады. Ал оның дыбыстық әдіске негізделуі, яғни әр дыбысқа бір қаріп арналуы кирил, латын әліпбиінің жүйесіне жақын. Сондай-ақ әр қаріпті үйрету жүйесі, мысалдарын беру тәртібі, жаттығулары, жалпы құрылымы алғашқы кирилграфикалы қазақша оқулықтарға сәйкес. Бұл ретте 1908 жылы Қазаннан шыққан «Букварь для киргизъ» атты әліппемен ұқсастықтары көп. Мұны болашақта тереңірек қарастыруға қалдырайық.

Жоғарыда «Оқу құралы» атауы «алфба» сөзінің орнына қолданылған деген болжам жасадық. Дегенмен, «алфба» атауы қалмай, бірге қолданылды: 1912-1922 жылдарда «алфба»; 1923-1925 жылдары «әлбба»; ал 1926-1928 жылдарда «әліп-бій» деп аталды және солай жазылды. Ал орысшасы «букварь» деп берілді. Әуелі осы үш атаудың өзіне назар аударайық:

Бұл үш атау біз негіздеп жүрген Ахмет Байтұрсынұлы жазу реформасының «Өтпелі кезең» (1912-1922 жж.), «Ұлттық кезең» (1923-1925 жж.), «Бәсекелестік кезең» (1926-1929 жж.) деп атаған үш кезеңмен сәйкес келеді. «Оқу құралының» мұқабасындағы «алфба» («ايفلا») сөзі қазіргі барлық аудармаларда «алифба» деп беріліп жүр. Біздіңше бұл графикалық тұрғыдан дұрыс емес. Бұл сөзде 5 ғана қаріп бар, 6 қаріп емес, ол – «а-л-ф-б-а». «Алифба» деген – оның татарша немесе мұсылманша медресе тілінде оқылуы.

Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу құралының» 1913 жылы шыққан екінші кітабына араб-парсы тіліне тән 12 дыбыс қарпін харакаттармен қоса енгізеді. Бұл 1922 жылға дейін қолданылды. Өйткені қадім, жәдит элементтерін бірден түбегейлі алып тастау мүмкін емес еді. Ғалым мұны түсіне келіп, екіарадан шығар жол тапты. Ол – «Өтпелі кезең емлесі» (1912-1922) болатын. Бұған дейін түрлі ескі жазба мәтіндер мен хаттарда жазылып келген, көпшіліктің көзі үйренген қаріптерді, дәстүрлі принциппен жазылатын араб-парсы сөздерін қиындықсыз оқи алу үшін, татарша, мұсылманша кітаптарды еркін пайдалана алуы үшін бұл қаріптерді алды, бірақ қазақ қаріптерінен бөлек үйретіп, жеке әліппе дайындады. Мұны ғалым «екі әліпбидің арасын түйіншексіз жалғау» деп атайды. Осындай дәстүрлі принцип бойынша жазылған сөздердің қатарында «алфба» («ايفلا») да бар. 1923 жылы 13 баптан тұратын «Қазақ тілінің жаңа емле ережесі» қабылданғанда, бұрынғы хатакаттармен қоса, араб-парсы тіліне тән 12 дыбыс қаріптерінің 8-і әліпбиден шығарылып, тек қажет деп танылған «ф», «ч», «һ», «х» төрт қаріп әліпбиде қалды. Ереженің 5 бабында: «*Ішінде «خ» (x), «ش» (ч), «ف» (ф), «ه» (h) дыбыстары бар жат сөздер, мағынасы*

бұзылып кетпейтін болса, ішіндегі жат дыбыстары шығарылып, орнына қазақ тіліндегі дыбыстар қойылып, қазақ тілінің дыбыс қиынына үйлестіріліп айтылып, һәм солай жазылады. Жоғарғы төрт хәрф, ішіндегі жат дыбыстарды шығарып тастағанда сөздің мағынасы бұзылып кететін болғанда ғәна, сол жат дыбыстарды белгілеу үшін жазылады. Ондай сөздерді әркім әртүрлі жазып кетпейтін болуы үшін Білім кемесиесі жат сөздерді тізіп, лұғат жазып шығарады»[10, 203], – деген тармақ қабылданды. Ережеге сәйкес дәстүрлі принциппен жазылып келген араб-парсы сөздері қазақшаға икемделіп жазыла бастады, кірме дыбыстар қазақ тілінің дыбыстарымен ауыстырылды. Сондықтан «алфба» сөзіндегі /ф/ дыбысы /б/-ға ауыстырылып, «әлбба» болып жазылды.

1924 жылы «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» /ф/, /ч/, /һ/, /х/ төрт дыбыс қазақ әліпбиінен шығарылды және өзге қадім-жәдит элементтері толық жойылды. Олардың қатарында дәстүрлі принцип бойынша сөз соңында /п/ дыбысының орнына /б/ дыбысы жазылатын норма да өзгерді. Шын мәнінде қазақ сөздердің түбірі (соңы) /б/ дыбысына емес, /п/ дыбысына аяқталатындықтан және «әлбби» болып үш дауыссыз қатар келмейтіндіктен, /л/ мен /б/ дыбыстарының арасына /і/ еніп, «әлб» сөзі «әліп»-ке өзгерді. Қазақтың ауызша тіл нормасында да бұл сөз «әліп» деп айтылатын. Ал «би» – /б/ «ب»-ның арабша /бә/ деп оқылуынан өзгерген немесе «б»-ның латынша (кирилше) атауы. 1924 жылғы Съезде мұндағы /и/ дыбысы таратылып /ый/, /ій/ үлгісінде жазылатын ереже қабылданғандықтан, «би» сөзі «бій» болды. Сондықтан да оқулық атауы «Әліп-бій» болып өзгерді. Яғни бұл – ғалымның ойланып отырып, осы дұрыс болса керек деп жаза салған сөзі емес, нормаға, емле ережесіне бағынудан туған графикалық ерекшелік.

«Оқу құралы», балаларға арналған әліппенің 13 басылымын салыстырып қарағанда, төмендегідей өзгерістер мен түзетулер енген:

1912 жылғы бірінші басылымнан 1914 жылғы екінші басылымның айтарлықтай өзгешелігі бар. Бұл өзгерістер негізінен еңбектің бірінші бөлігіне, дыбыстар мен қаріптер бөліміне енген. Атап айтқанда, «س» /с/, «ت» /т/, «ن» /н/, «ق» /қ/, «ب» /б/, «ج» /ж/, «چ» /ш/, «م» /м/, «غ» /ғ/, «د» /д/, «پ» /п/, «ك» /к/, «گ» /г/ дауыссыздары мен «و» /о/, «ۇ» /ү/, «ی» /ы/, «ۇ» /у/, «ي» /й/, «و» /ө/, «ۆ» /ү/, «آ» /ә/, «ا» /е/ дауыстыларының қаріптеріне арналған мысалдардың ¼ бөлігі қысқарса, тағы ¼ бөлігі, кейде одан да көп бөлігі өзге мысалдармен ауыстырылған. Ал «آ» /а/, «آ» /і/, «و» /р/, «و» /з/, «ل» /л/, «ك» /н/ дыбыстарының қаріптеріне арналған мысалдар өзгеріссіз қайта берілген. Ал екінші бөлігі – оқуға арналған шағын мәтіндерге бір-екі тақырыптар бойынша ғана түзетулер енгізілген.

1916 жылғы үшінші басылымына да аздаған түзетулер енген. Бұл түзету негізінен /ү/ «ؤ», /ү/ «ۆ» дыбыстарының таңбалануына қатысты болып, бұлар бұған дейін сөздің барлық буынында бір қаріппен жазылса,

енді екінші буыннан кейін «ۇ» түрінде екі қаріппен жазылатын болған. Бұл /ұ/ дыбысын екі дыбыс санаудан, яғни сөздің басында қысқа /ұ/ және сөздің соңында ұзын /ұ/ бар деп санаудан болған. Сондай-ақ осы /ұ/ дыбысына қатысты мысалдар берілген өзге «ح» /ж/, «چ» /ш/, «ي» /й, и/ «گ» /г/ дыбыстарының мысалдарына түзетулер енген, өзге мазмұндар 1914 жылғымен бірдей.

1920 жылғы Орынбор басылымында да өзгерістер бар. Мұндағы негізгі өзгеріс мазмұн мен мысалдарда емес, тақырыптық әріптерде. Әліппеде тақырып түрінде берілген әр дыбыс қаріптерінің бұған дейін бір ғана тұрпаты беріліп келсе, бұл басылымда екі және үш тұрпаты берілген. Мысалы, «ذ» «ڈ» «ڤ» түрінде. Алайда жіңішке дауыстылардың «و» /ө/, «ؤ» /ү/, «آ» /ә/, «أ» // қаріптері бұрынғыдай бір тұрпатта берілген. «Оқу құралдың» бұл нұсқасы реті бойынша «төртінші басылым» болуға тиіс еді, бірақ мұқабада нешінші басылым екені көрсетілмеген. Бұрынғыдай бірінші және екінші кітап (алфба) бірге басылса да, мұқабада «1-кітап» деп берілген. Сондай-ақ «Сөз басы» деп аталған алғы сөзі толық алынып тасталған.

1921 жылғы Орынбор басылымы 1920 жылғы Орынбор басылымымен бірдей. Тек 1921 жылғы басылым мұқабасында ғана «Оқу құралы» деп берілсе, 1920 жылғы басылымға дейін «Оқу құралы» деп берілген. Ал мұқабада «Оқу құралының» нешінші басылымдары екені көрсетілмеген.

1922 жылы «Оқу құралы» (Алфба) Орынборда және Ташкентте шыққан. Бұлардың мазмұны да 1920, 1921-жылғы басылымдармен бірдей, тек графикалық ерекшеліктері бар. Жоғарыда айтқанымыздай, 1920, 1921-жылғы басылымдарда алфбаның «Бірінші кітабы» мен «Екінші кітабы» бірге басылса да, мұқабада «1-кітап» деп беріліп еді. Бұл сөз 1922 жылғы басылымның Орынбор нұсқасында алынып тасталған, Ташкент нұсқасында бар. Сондай-ақ 1922 жылғы басылымның Ташкент нұсқасында «Төртінші басылуы», Орынбор нұсқасында «Бесінші басылуы» деп берілген. Жоғарыдағы 1920, 1921 жылғы басылымдар басылым ретіне енбеген.

Ахмет Байтұрсынұлы 1922 жылғы Орынбор басылымының алғашқы бетінде «Мұғалімдер жадына» тақырыбымен осы басылым туралы мынадай түсініктеме береді: *«Бұл – «Оқу құралының» 5-нші басылуы. 4-нші басылуына жасалған стереотип (құймалы баспа) мен басылып тұр. Ол стереотип Қазанда жасалған еді. Жасатуға жіберген адамның салақтығынан әліппенің аяқ жағында қате кеткен сөздер бар. Яғни, арабша жазылатын сөздер арабша жазылатын күйінде кеткен. Мәселен, «Құдай» деген сөз «Хдай» деген түрде, «дәулет» деген сөз «долт» деген түрде, «қабыл» деген сөз «қбол» деген түрде, тағысын тағы сол сияқты арабша сөздер арабша емлемен кеткен. Бұларды мұғалімдер балаларға оқытқанда, түзетіп, жаңаша жазып, оқыту керек. – А.Б. Орынбор. 6-декабрь, 1922 жыл»*. Ғалымның айтуына сүйенсек, өткен жылы Қазаннан

біз тауып әкелген 1920 жылғы басылым бәрінің түпнұсқасы болса керек. Бірақ ғалым бұл басылымды «4-басылуы» деп көрсетсе де, мұқабада оның жазылмағаны, басылым санатына енбей қалғаны түсініксіз. Рет-тәртібі бойынша 1920 жылғы Орынбор басылымы 4-басылуы, 1921 жылғы Орынбор басылымы 5-басылуы, 1922 жылғы Ташкент басылымы 6-басылуы, 1922 жылғы Орынбор басылымы 7-басылуы болуға тиіс еді.

1922 жылғы екі басылымдағы өзгешеліктерді көру үшін ғалымның жоғарыдағы түсініктемесі жеткілікті деп ойлап едік, бірақ салыстыра келгенімізде, бұлардың да бұған дейінгі басылымдардан өзгешеліктері көрінді. Айталық, 1920 жылғы Орынбор, 1921 жылғы Орынбор басылымдарында әр тақырыптық қаріптердің сөз шеніне қарай келетін тұрпаттары толық берілсе, 1922 жылғы басылымдарда тағы да тек бір нұсқасы, яғни жеке тұрпаты ғана берілген. Мысалы, «ك» «گ» «ڭ» емес, тек «ڭ» түрінде.

1922 жылғы басылымдардың Ташкент және Орынбор нұсқаларын өзара салыстырып қарағанда да айтарлықтай өзгешеліктерді көруге болады. Бір жылдағы бұл екі нұсқа лексема тұрғысынан бірдей, графикалық тұрғысынан бірдей емес деп айтуға болады.

Ахмет Байтұрсынұлы 1912 жылы /ұ/ дыбысының таңбасы үшін «ۇ» қарпін алған, бұл 1922 жылға дейін /у/ дыбысын таңбалау үшін де қолданылған. «ۇ»-ны ғалым әліпби реформасының өзіндік жаңалықтарын көрсететін қаріптердің бірі деуге болады. Орынбор, Қазан қалаларындағы баспаханалар «Байтұрсынұлы емлесімен» кітап басу үшін бұл қаріпке арнайы тас ойдыратын болған. Сөз болып отырған 1922 жылғы басылымдардың Ташкент нұсқасында /ұ/, /у/ дыбыстары оқулық бойы «ۇ» емес, «و» қарпі арқылы таңбаланған. Мысалы, «ووراء» (*арұу*) түрінде. Біздің ойымызша Ташкент қаласындағы баспаханаларда Байтұрсынұлының «ۇ» таңбасы болмағандықтан осылай берілген.

Бұл басылымның графикалық ерекшелігі мұнымен шектелмейді: сөз соңындағы /ң/ үшін «ڭ» емес, «گ» қолданылған; сөз соңындағы /й/ немесе /и/ дыбысы үшін «ي» қарпінің орнына «ى» қарпі қолданылған; сөз басындағы /е/ дыбысы үшін «ه» емес, «ه» қарпі қолданылған; /ү/ дыбысының да орнына «ۇ» емес, «ۇ» қарпі қолданылған. Қаріптердегі бұл өзгешеліктер 1922 жылғы басылымның Ташкент нұсқасын графикалық тұрғыдан мүлде басқа басылым сияқтандырып көрсетеді. Дегенмен, кирил қарпіне аударғанда, бұл басылымдар ұқсас нұсқа болып шығады. Жалпы 1922 жылғы Ташкент нұсқасында баспа қателері (мысалы, қаққан – қатқан, қаз – қан, ық – ақ, ыс – ас, т.б.) мен көріксіз, толымсыз графикалар өте көп. Сондықтан бұл басылымды графикалық тұрғыдан сәтсіз басылым деуге болады.

1922 жылдың ішінде Қаз АКСР Оқу комиссариаты жанынан Ғылым ордасы (АКЦЕНТР) құрылып, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ

зиялылары қазақ тілі мен жазуын, қазақша мектеп оқулықтарын ұжымдық түрде өңдей бастады. Бұл ретте алғашқы жұмыстардың бірі – қазақ тілінің емле ережелерін толықтыру еді. Жоғарыда айтқан, 1923 жылы мартта жарияланған 13 баптан тұратын ереже осы жұмыс нәтижесінде қабылданды. Аталған Емле ереже «Оқу құралы» еңбегінің құрылымы мен графикасына елеулі өзгерістер әкелді.

1923 жылы Орынборда «Оқу құралы» алтыншы басылымы шықты. Бұл кезеңде Байтұрсынұлының «Өтпелі кезең емлесі» (1912-1922) өзгеріп, «Ұлттық кезең емлесі» (1923-1925) қалыптаса бастаған. Оқулық емле өзгерісімен тұспа-тұс жарық көргендіктен, құрылымы мен мазмұнында, графикасында айтарлықтай өзгешелік болатыны заңды. Оқулық мұқабасында «Қазақша әлбба» деп берілген. «Алфба»-ның «әлбба»-ға өзгеру себебін жоғарыда айтқанбыз. Төменде аталған басылымның бұған дейінгі басылымдардан тағы қандай өзгешелігі бар, санамалап көрсетейік:

1. Қаріптерінің сөз шеніне қарай жазылатын екі, кейде үш тұрпаты тақырыпта толық берілген. Бұған дейінгі 1922 жылғы екі басылымда тек бір ғана тұрпаты берілген;

2. /У/ дыбысы бұған дейін «ұ» қарпімен таңбаланып келсе, енді оның орнына «ұ» қарпі алынған және әліппедегі «у» тақырыбының мысалдары толық өзгерген;

3. Кейбір қаріптердің әліпбидегі берілу реті ауысқан. Мысалы: /у/, /ұ/ дыбыстары қатар берілген; /м/ дыбысы /ы/ дыбысымен орны ауысып, оның алдында берілген және оның жарты мысалы ауысқан;

4. Екінші буыннан бастап /ұу/ дыбыс тіркесімі оқулық бойы бір ғана «ұ» /у/ таңбасы арқылы берілген. Мысалы, «**اَلْجُ**» // *алжу* (*алжұу емес*);

5. /Ы/ дыбысы сөздің басы мен бас буында қалмай жазылатын болған. Мысалы, «**اَلْ**» // *ырым* («*рым*» емес). Сондай-ақ бұл тақырыптың мысалдары толық ауысқан. Бұған дейін сөз басы мен бас буында /ы/ түсіріліп жазылатын;

6. /Ғ/, /г/, /і/ дыбыстарының таңбаларына қатысты тақырыптардың мысалдары ішінара ауысқан;

7. /Е/ дыбысының сөз басы мен бас буында жазылып келген «**ا**» орнына «**ә**» таңбасы алынған және оқулық мәтіндеріндегі бұл таңба толық ауысқан;

9. /У/ «**ا**» мен /и/ «**ي**» жарты дауысты дыбыс ретінде берілген және қазақ алфавитінен жеке таңбасы бар дыбыс ретінде орын алған;

10. Қаріптерден кейін, екінші бөлімдегі жаттығу мәтіндерінің мысалдары ішінара ауысқан, өңделген;

11. «Оқу құралының» араб-парсы сөздерін жазуға арналған екінші кітабынан «ф», «ч», «h», «х»-ден өзге 8 дыбыс таңбасы мен харакаттар және бұларға арналған жаттығу мазмұндары қысқарып, «Оқу құралының» бірінші кітабымен мүлде кіріктіріліп берілген.

Байқап қарасақ, 1923 жылғы алтыншы басылымда өзгеріс көп. Бұлардың көпшілігі 1923 жылы мартта қабылданған «Қазақ тілінің жаңа емле ережелерінің» баптарына толық сәйкес келеді.

1923 жылғы алтыншы басылымның қаріптік және мазмұндық өзгерістері автордың өз бетімен жасаған кезекті реформасы емес, дәуірдің талабы, уақыттың сұранысымен жасалған жоспарлы жұмыс еді. Кеңес үкіметі толық орнағаннан кейін ҚазАКСР Оқу комиссариаты жанынан 1922 жыл Ғылым ордасы (АКЦЕНТР) құрылып, құрамында бірнеше ғылыми-методикалық кеңестер жұмыс істеді. Солардың бірі – «Қазақ ғылым-әдебиет кеңесі». Кеңес (комиссия) бірінші кезекте қазақша оқулықтар жазу, бар оқулықтарды сараптамадан өткізу жұмыстарын жүйелі жүргізе бастайды. Өйткені Одақтың алғашқы 3-4 жылында автономды республикаларда ұлттық тілге басымдық берілген. Мұны тиімді пайдаланған Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары жедел іске кірісіп, өнімді жұмыстар жасады. Осы ретте, қазақ тілін үйретудің басты құралы болғандықтан, Байтұрсынұлы оқулықтарына бірінші кезекте сараптама жүргізіледі. Бұл туралы Телжан Шонанұлы «Қызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы 19-21 номеріндегі «Қазақ Ғылым кеңесінің жұмысы» атты мақаласында: *«Білім кеңесінің үлкен бір істеген ісі – бұрынғы Ахметтің алфбасын қайта қарап шығып, жеңілдетіп, қаріптерінің кейбіреулерінің пішінін өзгертті. Барлық мектеп һәм мекемелер сол соңғы алфбамен жазуға міндетті»* [11, 105] деп жазады. Бұл басылымға енген өзгерістерді «Қазақ ғылым-әдебиет кеңесі» мүшелерінің ұжымдық жұмысының нәтижесі деуге де болады. Кеңес құрамы өзгеріп отырған, сол тұста басшысы – Ахмет Байтұрсынұлы, мүшелері: Н.Құлжанова, С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев, М.Дулатұлы, М.Мырзаұлы, Е.Омарұлы болды. Дегенмен, Кеңестің жұмыс тәртібіне сәйкес «Оқу құралына» сараптама жасаған кім, қандай өлшемдер мен бағдарламалар негізге алынды, толықтыру, түзету жұмыстары қалай жүргізілді, мұны архивтік зерттеулер арқылы анықтау қажет.

1923 жылғы алтыншы басылым 1924 және 1925 жылы Орынборда жарық көрген басылымдармен толық ұқсас. Бір қызығы 1924, 1925 жылы екі басылымның да мұқабасында «жетінші басылым» деп көрсетілген. Сондықтан да 1924 жылғы Орынбор басылымы қазірге дейін белгісіз болып, зерттеушілердің назарына ілікпей келді.

Балаларға арналған «Оқу құралы» басылымдарының жаңарған соңғы нұсқасы «Әліп-би» // Жаңа құрал) атымен 1926 жылы Орынборда жарық көрді. Бұл басылымның жаңарған мазмұндары көп, жүйесі де, атауы да басқа болғандығы себебінен болса керек, «Оқу құралының» басылым ретімен жалғаспай, өз алдына басылым болған. Бұл басылымды графикалық тұрғыдан 1924 жылы Орынборда өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің» нәтижесі деуге болады. Мазмұн жағынан, «Шығарушыдан» атты

оқулықтың алғы сөзінде ғалымның өзі айтқандай, «Мемлекеттік программа» (Гос программа)-ға сәйкестендірілген. Ал құрылым жағы қолданылған әдіске байланысты. Бұл туралы ғалым былай дейді: *«Үйретілуі жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді»*. Бұрынғы «Оқу құралдары» тек дыбыстық әдіс негізінде түзілген.

Бұл басылым эволюциясынан қандай нәтиже көреміз? Оң ба, теріс пе? Әуелі, бір қарағанда байқалатын оң нәтижелерді төмендегіше санамалайық:

1. Графикалық тұрғыдан айтқанда, екіұшты оқылатын сөздер азайған, тіпті жоқ деуге де болады. Қазіргі төте жазу мен қазақ тілінің орфографиялық нормасына барынша жақын;

2. Бұрынғы нұсқалармен салыстырғанда, «бір дыбыс бір қаріп» принципі толық жүзеге асқан, яғни дыбысбасына жеке-жеке қаріптер берілген;

3. Жазу, оқу үйренудің тағы бір визуалды оң әдісі – суреттерді, көрнекі құралдарды пайдалану жүзеге асқан;

Бұл басылымның аталған артықшылықтарынан басқа оң өзгерістерін табу қиын. Яғни графикалық эволюциясы өте сәтті, бірақ мазмұндық жағын, ұлттық мүдде тұрғысынан, сәтті дей алмаймыз.

Біздің байқауымызша, бұл басылымның кемшіліктері әр үңілген сайын көрінеді. Мұны тану үшін әуелі мынаған назар аудару қажет. Егерде «Байтұрсынұлы әліпбиі» қолданыстан шығарылып, латын әліпбиіне көшірілмегенде, әліппе эволюциясы жалғасар ма еді? Жалғасса, қай бағытта өрістеген болар еді? Мұны кез келген ұлы дүниенің (нәрсенің) ақырласқан (біткен) жерінде қойылуға тиіс заңды сұрақ деп білеміз.

Бұл сұрақтың жауабын оқулықтағы «Шығарушыдан» деп аталатын автор алғы сөзінен де табуға болатын тәрізді. Ғалым алғы сөзде «Әліп-би» (Жаңа құрал) жүйесін қысқаша таныстыра келіп, былай дейді: *«Арттағы жұрттың бірі – қазақ. Басқалар жаңаланып жатқанын көріп, біз де жаңаланғымыз келеді, бірақ не пайда! Көңіліміз тілегенмен, қолымыз жетпейді. Іске жалғыз көңіл емес, қол да керек. Сондықтан жаңаланамыз десек те, жаңалық бізден алыс жатыр»*. Мұнда «көңіл тілегі», «қол қысқалығы» деген астарлы тіркестерге ғалым үлкен мағына жүктеп айтып отырған тәрізді. Беті ашық айтылмаған сөзді әркім әртүрлі болжауға лайық. Сол қатарда біз де бұл сөзді өзімізше болжаймыз. Біздіңше «көңіл тілегі» деген – қазақ балаларының тез сауат ашып, тез жазу үйренуіне, болмысы, танымы ұлттық сипатта қалыптасуына, білім-дағдысы әлемдік деңгейге жетуіне ықпал ететін озық оқулық. Ал «қол қысқалығы» – цензура: оқулық мазмұнында, мысалдарында, мәтіндерінде ұлттық құндылық пен әлемдік құндылықтардың ең үздік түрлерін бере алмауы, қазақ балаларын тек мәтін оқып, сөз жазуға жарамды етуге ғана шамасы келу. Ғалым бұл туралы тағы: *«Бұл «Әліп-би» кітабы жаңа әдіске көшу жөніндегі көңіл тілегі мен қол*

қысқалығын бір-біріне жанастыру, жақындату шарасын табу түрде шығарылып тұр», – дейді. Демек, ғалымның оқулыққа көңілі толмайды. Бұл еңбек – ғалым талантының дәуір талқысына түсіп, Кеңес (Совет) қалыбы қысқан замана сығындысы немесе қолда бар құрақтан ісмерлікпен құрап тіккен құрақ көрпеге ұқсас өнім.

Байқап қарасақ, «Әліп-би» еңбегінде қазақ ұлтының сыртқы пішіні бар да, ішкі мазмұны жоқ. Яғни тұрмыс дағдысы мен тұтынатын заттарының атауынан басқа, рух, болмысы, танымы жоқ. Оқулықбойы қазақ тарихы мен қазақ хандарының ерліктерінің орнына «Октябрь мейрамы» (93-бетте) туралы беруі, қазақ батырларының орнына «комитетші сайлауы» (94-бетте) туралы беруі, би-шешендер сөздерінің орнына «Қабырға газет» (100-бетте) туралы мәтіндердің берілуі, «тазша баланың» тапқырлықтарының орнына «пионердің» (102-бетте) берілуі, түркінің бөрілі байрағының орнына жарлыны жақтаған Кеңес одағының орақ-балғалы жалауы (53 бетте), жалаңаш пен жарлы-жақпайға арналған мәтіндердің берілуі (67-бетте) біздің ойымызды негіздей түсетіндей. Оқулықтағы олқылықтарды ұсқынсыз суреттер арқылы меңзегендей: *«Қазақта суретші болмағандықтан, қазақ тұрмысына лайық даяр суреттер болмағандықтан, бұл «Әліп-би» кітабында сурет жағынан кемшілік көп. Онысы оңдала жатар», – дейді ғалым. Оқулыққа қуаты (синергия) кеміген қазақ сөзі мен келіссіз кескіндер ғана ене алған, өн-бойында интернационализм басым, сарт, татардан бастап, таппен, топпен, одақпен аяқталған. Тәртіп пен кеңестік дағды бар, ұлттық тәрбие жоқ. Материалдық базаның жеткіліксіздігі, қаржының тапшылығы Байтұрсынұлы үшін сапалы оқулық жазуға кедергі емес деп ойлаймыз. Мұндағы кедергі, «қол қысқалық» – қатаң партиялық бақылау.*

Біздің ойымызша, 1912-1925 жылдар аралығында шыққан «Оқу құралы» басылымдарының мазмұны мен жүйесі «Әліп-би» // Жаңа құралдан мықты. Мұны ғалым өзі де аңғартқандай, алғы сөзінің соңында: *«Мұғалімдерімізден өтініміз: бұрынғы «Оқу құралы» мен бұл «Жаңа құрал» екеуінің қайсысы үйретуге жеңіл? Екінші сөзбен айтқанда, қайсысымен оқытқанда балалар оқу мен жазуды тез үйренеді? Осы жағынан тәжірибе түйілсе екен», – дейді.*

Енді жоғарыдағы сұрақтың жауабы түсінікті болды деп ойлаймыз: Ғалымның қанша өмірі, қанша мүмкіндігі болса, заман сұранысы мен пайдаланушылардың деңгейіне қарай «Оқу құралы» толығы беретін еді.

«Әліп-би» // Жаңа құрал құрылымы жағынан мүлде жаңа нұсқасы деуге болады. Қаріптердің әліпбидегі берілу реті, оларды үйретуге арналған мысалдар, сөздер толық ауысқан. Мұны төмендегі кестеден көруге болады (Кестеде: 1-қатар – 1926-1928 жылдардағы «Әліп-би» // Жаңа құралдың алфавит тәртібі; 2-қатар – 1923-1925 жылдардағы «Оқу құралы» // Әлббаның алфавит тәртібі).

Кесте 1. «Оқу құралы» (1923-1925) мен «Жаңа құрал» (1926-1928) басылымдарының алфавит тәртібі

1	а	р	з	о	н	с	т	қ	ы	б	л	д	у	й	ұ	ш	ғ	м	ж	ң	п	е	к	і	г	ү	ө	э
2	а	р	з	л	с	т	о	н	қ	б	у	ұ	ж	ш	м	ы	ғ	д	п	ң	й	ө	ү	і	э	е	к	г

Қаріптердің әліпбидегі берілу (үйретілу) реті ауысуының қандайда бір себебі, негізі болуға тиіс, ол әдістемелік тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Ал жеке алфавит түрінде берілгенде, қаріптердің рет-тәртібі негізінен бірдей.

Ғалым «Әліп-би» // Жаңа құрал оқулығын «тұтас сөз әдісі» мен «дыбыс әдісі» қатар қолданылып, кіріктіре дайындалғанын айтады. Оқулықтағы түрлі кестелер осы тұтас сөз әдісін аңғартады. Ал қаріптер бұрынғыдай дыбыстардың тіркесімі негізінде жасалған жаңа сөздер арқылы үйретілмейді, яғни лексикалық минимумдар құрамындағы дыбыс тіркесімдері арқылы дыбыс пен оның қарпін үйретпейді. Керісінше лексикалық минимумдардың өзара тіркесі арқылы жаңа ұғым, жаңа ой, жаңа сөйлем жасауға бағыттайды. Дыбыс пен қаріпті де, сөздердің лексикалық мағынасын да лексемалардың функционалды синтаксистік әлеуетін меңгерту арқылы үйретіледі. Бұл қазір басымдық алған қазақ тілін мәтіндер арқылы үйрету әдісіне келінкірейді.

«Жаңа құрал» тақырыптарында, бұрынғыдай қаріптер және оның сөз шеніне қарай келетін 2-3 тұрпаты берілмейді, керісінше, үйретілетін қаріп (дыбыс) құрамында бар (сөз басында, не ортасында) бір-екі буынды бірнеше лексикалық бірліктер беріледі. Мұның қиындық жері бірден байқалады. Бұлай болғанда, тақырып қай қаріп туралы екендігі бұрынғыдай бірден түсінікті емес, берілген сөздердің құрамындағы жиі келген дыбыстардың не дыбыс екеніне қарай кідіріп анықтауға тура келеді. Мысалы, үлкен шрифтпен «ағаш», «тоғай», «торғай» (48 бет) деп берілген үш мысалдан тақырып /т/ дыбысына қатысты ма, /о/ дыбысына қатысты ма, әлде /ғ/ дыбысына қатысты ма, бірден ажырату қиын. Әр сөздің құрамында /ғ/ қалмай берілгендіктен ғана, ойланып отырып, тақырып /ғ/ туралы екенін білуге болады. Ал «елек», «теке», «кесе» деген мысалдар (64 бет) берілген мазмұнда тақырып /е/ туралы ма, /к/ туралы ма, аңғару да, қабылдау да қиын.

Қазіргі таңдағы қазақ тілі оқулықтарының жүйесіне, бағдарламасына, оқулықтарға, әліппелерге қарасақ, «Әліппе» арқылы бірден сөз, сөйлеу, тіл үйретуді көздейді. Ал Байтұрсынұлы мұны деңгейлерге бөлген, яғни «Оқу құралы», әліппелер арқылы қазақ сөздерін жазуға керек қаріптер мен олардың дыбыстарын меңгерткен, «Тіл-құрал» арқылы олардың заңдылықтарын, жүйесін түсіндірген, «Тіл-жұмсар» арқылы тілді дұрыс қолдануды үйреткен. Біздіңше ғалымның тіл үйрету әдістемесі жүйелі, нәтижелі, дұрыс.

«Оқу құралы» аталған оқулықтардың ендігі бір тармағы – үлкендерге арналған әліппелер. Әліппенің үлкендерге арналған басылымдары 1921 жылдан бастап, бұдан бөлек 1924 жылғы және 1926 жылғы үш басылымы бар. Бұл оқулық та алғашында «Оқу құралы» деп аталып, 1924 жылғы екінші басылымынан бастап «Сауат ашқыш» болып өзгертілген. Соңғы (үшінші) басылымы түзетілген емлемен 1926 жылы жарық көрген де, одан кейін қайта басылмаған. Қазақ жазуы 1929 жылы қазақ-латын әліпбиіне көшірілгеннен кейін, мұның орнын Т.Шонанұлының еңбектері басқан. Төменде осы үш басылымның ерекшеліктеріне тоқталайық:

1921 жылы Семейдегі мемлекеттік баспадан шыққан бұл «Оқу құралын» Сауатсыздықты жоятын Қазақтың Кіндік тығыз комиссиясы (Киргизской Центральной Черезвычайной комиссии по безграмотности) мақұлдаған. Таралымы 120 мың, қазірге белгілі «Оқу құралы» басылымдарының ішінде ең көп таралым – осы. Мұқабада «Бірінші кітап» деп берілген. Бұған қарағанда, балаларға арналған «Оқу құралы» сияқты, үлкендерге арналған «Оқу құралы» да бірнеше кітаптан тұрса керек. Бірақ олар бізге жетпеді.

1923 жылға дейінгі барлық «Оқу құралдар» «Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша Алфба» деп берілген. Сауатсыз үлкендерге арналған аталған 1921 жылғы басылым ғана «Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша Алфба» деп беріледі. Мұндағы «жаңа жол» дегені осы «Ысул сутие». Өйткені бұл оқулықтың «Сауат ашқыш» деп аталған 1924, 1926 жылғы басылымдарында «Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша Әлібби» деп берілген.

Сауатсыз үлкендерге арналған бұл «Оқу құралы», әрине, балаларға арналған «Оқу құралы» басылымдарымен құрылымы, мазмұны жағынан өте жақын. Сондықтан бұл басылымдарды өзара салыстырғанда, үлкендерге арналған «Оқу құралының» ерекшелігін анық көруге болады.

1921 жыл Орынборда жарық көрген балаларға арналған «Оқу құралы» мен ересектерге арналған «Оқу құралын» салыстырғанда, қаріптердің берілу рет-тәртібі бірдей. Ал өзгешеліктер төмендегідей:

1. Әліппеде үшінші ретпен тұрған «с» әрпінен бастап, дыбыстардан сөз құрап үйренуге, қаріптерден сөз құрап жазуға арналған, кестеге түсірілген жаттығу сөздерінің саны 18-ден 12-ге қысқартылған, бірақ сөздер бірдей;

2. Жіңішке дауысты /ө/, /ү/, /і/, /ә/ дыбыстарының қаріптері жинақталып, мысалдар саны да азайтылып, бір тақырыпта берілген;

3. Араб-парсы сөздерінде кездесетін /x/, /ф/, /h/ дыбыстарының қаріптері төл дыбыс қаріптері қатарында берілген, өйткені осы дыбыстар келетін қазақ тіліне әбден сіңісті болған араб-парсы сөздерін қазақ сөздері қатарына қосқан. Мысалы, *ғауһар, жаһангез, офат, муфті, хайуан, халық* т.б.;

4. Әр тақырып бойынша жаттығуға арналған мысал сөздердің барлығы қысқартылып, сол сөздерден құралған сөз тіркестері ғана қалған;

5. «Таңба» сөзінің орнына «белгі» сөзі қолданылған;

6. Араб-парсы сөздерін жазуға арналған мазмұн толық алынып тасталып, қаріптер тізбесі ғана берілген (негізі бұл 12 қаріп еді, жоғарыдағы 3 қаріп төл дыбыс қаріптері тізбесінде бергендіктен, мұнда тек 9 қаріп берілген).

Ересектерге арналған «Оқу құралының» екінші бөлігі – түрлі оқу мәтіндері. Мұнда тек ересектерге лайық мәтіндер қалған: туысқандық, киім-кешек, ойын, тамақ, дене мүше, ыдыс-аяқ, үй саймандары, мал, аң-құс аттары, қысқасы, балалар үйренуге тиіс лексикалық минимумдар түгел алынып тасталған; жаңылтпаш, жұмбақ сияқты тіл мен зейін жаттықтыруға арналған мазмұндар, тәрбиелік мазмұндағы мәтіндер де қысқартылған; керісінше адамгершілікке, адами қасиетке шақыратын, жаман әдеттерді сынап, еңбекқорлық сияқты жақсы қасиеттерді дәріптейтін мәтіндер берілген. Бұл басылым, шын мәнінде – ересектерге арналып, жоғары педагогикалық тәжірибемен арнайы түзілген оқулық. Осы басылымнан бастап, ересектердің сауат ашуына арналған оқулық мазмұны біртіндеп жетілдіріліп отырған. Қалай жетілдірілгені аталған басылымды келесі 1924, 1926 жылғы «Сауат ашқыш» басылымдарымен салыстырғанда анық көрінеді.

«Сауат ашқыш» оқулығының 1924 жылғы басылымы Орынборда, Қазақ мемлекеттік баспасында жарық көрген, жалпы көлемі 114 бет. Бұл басылым графикалық тұрғыдан 1924 жылы Орынборда өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі» қабылдаған қазақ емлесіндегі өзгерістердің толық көрсеткіші. Бұл басылымды 1921 жылғы үлкендерге арналған «Оқу құралымен» салыстырғанда:

1. Сүйеу таяқ («!»), мәт белгі («~») жойылған;
2. Бітеу буын ережесі жойылған;
3. /У/ дыбысының «ۇ» қарпінің орнына «ؤ» қарпі алынған және /уу/ қосар дыбысы /уу/ түрінде таратылып берілген;
4. /Ш/ дыбысының «щ» қарпі орнына «ش» қарпі алынған және мысалдары жартылай ауыстырылған;
5. /Ж/ тақырыбында мысалдар толық ауысқан, /м/, /е/, /к/, /г/ мен /ғ/, /д/, /п/, /й/ тақырыптарында мысалдары ішінара өзгертілген;
6. Жіңішке дауысты дыбыстар бұрынғыдай топтап, бір тақырыпта берілген, бірақ мысалдары толық ауысқан;
7. /Е/ дыбысының сөз басы мен бас буын позициясында жазылып келген «є» таңбасы «ө» таңбасына ауысқан және оқулық бойы мысалдардағы бұл таңба толық ауысқан;

8. /Ғ/ дыбысын таңбалайтын «Ғ» қарпінің төбесіндегі нүктесі алынып, «Ғ»-ға өзгертілген;

9. /Ы/ дыбысының әліппедегі орны ауысып, /у/ дыбысының алдына қойылған, сондай-ақ мысал тіркестер өзгерген;

10. /Ұ/ дыбысының әліппедегі орны ауысып, /у/ дыбысынан кейін, /ж/ дыбысының алдында берілген, /ұ/, /у/ дыбыстарының қатар берілуі бұлардың графикалануындағы қиындықтарды жылдам байқап, тез түсіну үшін болса керек;

11. 1921 жылғы басылымда төл дыбыстар қатарында берілген /х/, /һ/, /ф/ дыбыстарын қоса алғанда, кірме дыбыстар әліппиден толық шығарылып, оқулық соңында қаріптер тізбесі ғана берілген.

Салыстыра қарағанда, 1924 жылғы «Сауат ашқыштың» бірінші бөлімінде (Қаріптер бөлімі) өзгеріс, толықтырулар аз емес, графикалық тұрғыдан мүлде жаңа деуге болады. Ал екінші бөлімі (оқу мәтіндері бөлімі) толық өзгерген. Бұрынғы шағын мәтіндер алынып тасталған да, орнына қазақ би-шешендердің сөздері мен Абай бастаған ақындардың өлең-термелері, мысалдары, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы сияқты Алаш қайраткерлерінің ғылыми-танымдық мәтіндері, аудармалары, т.б. 59 шағын және орта көлемді мәтіндер енгізілген. Бұл басылымдарды өзара байланыстыратын, жақындататын тұстары – олардың ересектерге арналуы, түзілу жүйесі, дыбыс және олардың қаріптерін үйрету әдістері және бірінші қаріптер бөлімі деуге болады. Бірақ екі түрлі деңгей, екі түрлі дайындық, екі түрлі өлшеммен әзірленгені анық көрініп тұрады. Қорыта айтқанда, 1924 жылғы «Сауат ашқыш» – жаңа оқулық.

Ересектерге арналған әліппенің соңғы басылымы – 1926 жылы Семейде жарық көрген «Сауат ашқыш». Оқулық Қазақстан Оқу комиссариатының мақұлдауымен Семейдің губерниялық баспасында жарық көрген, көлемі 83 бет. Оқулық мұқабасында «Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап» деп берілген, таралымы 7400 дана. 1921 жылғы үлкендерге арналған «Оқу құралы» мен 1924 жылғы «Сауат ашқыш» мұқабасында «Бірінші кітап» деп берілген. Бұған қарағанда, бұл оқулықтың екінші, үшінші кітабы болуы немесе Ахмет Байтұрсынұлы дайындауды жоспарлаған болуы мүмкін. Кейде 1928-1929 жылдары шыққан «Тіл-жұмсар» оқулығы «Сауат ашқыштың» жоспардағы екінші, үшінші, тіпті төртінші кітаптары ма деген де ой келеді. Өйткені тілді деңгейлеп оқыту жүйесі бойынша аталған оқулықтар бір-бірімен қабысады. Бұл болашақта анықтала жатар, кезекте «Сауат ашқыш» оқулығының 1924 және 1926 жылғы басылымдарын салыстырып, ерекшеліктерін көрсетейік:

Ахмет Байтұрсынұлының балаларға арналған «Әліп-би» // Жаңа құрал оқулығы да 1926 жылы жарық көрген, алғы сөзінде «дыбыс әдісі» және «тұтас оқу әдісі» қатар қолданылғаны баяндалған. Ал «Сауат ашқыштың»

1926 жылғы басылым мұқабасында «Дыбыс әдіс жолымен тәртіп етілген қазақша әліпби» деп берілген. Соған қарағанда «Сауат ашқыш» оқулығы 1925 жылға дейінгі «Оқу құралы» басылымдарының жүйесімен, әдісімен дайындалған. Яғни «тұтас оқу әдісі» ересектер үшін қажет болмаған. Өйткені ересектер сөзден сөз тіркесі құрауды онсыз да біледі, лексикалық қоры мол, оларға тек дұрыс жазу мен оқуды үйрену керек. Осы тұрғыдан келгенде, «дыбыс әдісін» тиімді және әмбебап әдіс ретінде тануға болады.

«Сауат ашқыштың» 1926 жылғы басылымы мен 1924 жылғы басылым графикалық тұрғыдан бірдей, яғни оқулық 1924 жыл «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі» қабылдаған емле ереже бойынша дайындалған. Бұл – «Байтұрсынұлы емлесінің» ең жетілген нұсқасы, ұлттық әліпби. Біз мұны «Ұлттық кезең емлесі» деп танимыз.

«Сауат ашқыштың» сөз болып отырған 1926 жылғы басылымының бірінші бөлімі, яғни дыбыстар мен қаріптер бөлімі 1924 жылғы басылыммен бірдей деуге болады. Тек бірнеше тұсында ғана сөздер ауысқан, атап айтқанда:

1. «Қ» тақырыбында 1924 жылғы басылымдағы «Асан, Оқас қостас» тіркесі алынып тасталған;
2. «Ш» тақырыбында «Он құшақ арша» тіркес қосылған;
3. «Г» тақырыбында «Көп жасаған білмес» сөйлемі «көп жүрген білмес» болып түзетілген.

Бұдан басқа мазмұндар, қаріптердің рет-тәртібі, мысал сөздер мен тіркестер – бәрі де бірдей. Өзгеріс екінші бөлігінде. Бірінші бөлік дыбыс, қаріп, жазу үйретуге көбірек бағытталса, екінші бөлігі оқу мәтіндері арқылы тәрбиеге, идеологияға бағытталады, сондықтан бұл мазмұн көбірек цензураға ілігеді. «Сауат ашқыштың» 1924 жылғы басылымында шағын және орта көлемдегі, түрлі тақырыптағы 59 оқу мәтіндері берілген. 1926 жылғы басылымда солардың қатарынан «Мақалдар», «Арғын Шоқай би сөзі», «Тақпақтар» (толғау), «Торайғыр бидің тақпақтары» (толғау), «Терме», «Нияз Жауғаш би сөзі», «Досбол сөзі», «Әзіл», «Шоқай мен Досбол би», «Бұқарға барған қазақ шал», «Әзіл», «Жанкісі бидің сөзі», «Ұрының мінәжаты», «Қайыршылар», Алтынсаринның «Өнер білім бар жұрттар» өлеңі мен «Мен өзім» атты өлеңдер, жалпы 16 мәтін алынып тасталған. Бұл мәтіндердің көпшілігінің ішкі мазмұны Кеңестік идеологияға сәйкес келмегені анық. Сондықтан «Сауат ашқыштың» 1926 жылғы басылымын, әдістемелік, графикалық тұрғыдан жетістіктері айқын, бірақ мазмұны идеологияланған деуге болады, ал 1924 жылғы басылымын ең жақсы нұсқа ретінде танимыз.

«Оқу құралы» жүйесіндегі кітаптардың келесі бір түрі – «Баяншы». Бұл – мұғалімдерге арналған нұсқаулық кітап. Мұның қазірге белгілі 1912, 1920, 1921 жылғы – үш басылымы бар. 1912 жылғы тұңғыш басылымы

«Оқу құралы» деп аталып, мұқабасында «Ысул сутие жолымен тәртіп етілген Баяншы» деген сипаттама берілген. 1920 жылғы Қазан басылымы «Баяншы» атауымен жарық көрген, мұқабасында «Қазақ мұғалімдері үшін» деген сипаттама берілген. Ал 1921 жылғы Ташкент басылымы «Оқу құралы» атауымен жарық көріп, мұқабасында «Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфбаға Баяншы» деген сипаттама берілген. Яғни «Баяншы» атауы бірде сипаттама, бірде оқулық атауы ретінде қолданылған. 1912 жылғы алғашқы басылымының түпнұсқасы қазірге дейін табылмай келе жатқанын жоғарыда айттық. Қалған екі басылымы қолымызда бар. Осы екі басылымды салыстыра қарасақ, бұл басылымдардың қандай ерекшеліктері барын көруге болады. «Баяншы» екі бөлімнен құралады: бірінші бөлімі «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың белгілері», екінші бөлімі «Дыбыспен жаттығу» деп аталады. Бірінші бөлімінде қазақ тіліндегі дыбыстар мен оларға арналған қаріптер түсіндіріледі. Тұжырымдай айтқанда, ғалымның әліпби реформасының негізгі мәні, жүйесі баяндалады. Ал екінші бөлімінде осы әліпби реформасының әліппе форматындағы нәтижесін меңгертудің жолы, яғни «Оқу құралы» // Алфба еңбегін қалай пайдалану, балаларға үйрету жүйесін түсіндіреді. Сондықтан «Оқу құралының» мәні мен жүйесін түсінуде бұл еңбектің мәні зор.

«Баяншы»-ның «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың белгілері» деп аталған бірінші бөлімі «Айқап» журналының 1912 жылғы 4-5 номерлерінде «Жазу тәртібі» деген атпен жарық көрген. Оқулық та, мақала да 1912 жылы жарық көргендіктен, қайсысы алғашқы нұсқа, қайсысы жетілдірілген нұсқа екенін дөп басып айту қиын. Дегенмен, біздің ойымызша мақала алғашқы нұсқа болса керек. Қалай болғанда да, ғалым өзінің әліпби реформалаудағы идеясымен қазақ зиялыларын толық таныстыру мақсатын көздей отырып, «Айқап» журналына жариялаған болуға тиіс.

«Жазу тәртібі» мақаласы «Баяншы»-ның 1912 жылғы тұңғыш басылымымен салыстырылмады, одан өзге 1920 жылғы Қазан басылымы, 1921 жылғы Ташкент басылымдарымен салыстырылды. Бірақ айтарлықтай өзгеріс байқалмады: сөйлем құрамы, қолданылған кейбір сөздер, сөзсаптау ерекшеліктері, қолданылған мысалдарда ішінара өзгерістер бар. Десе де бұл өзгерістер автордың негізгі ойын, тұжырымдарын, теориясын мүлде өзгертпейді.

1912 жылы жарық көрген «Жазу тәртібі» мақаласы мен «Баяншы»-ның 1921 жылғы Ташкент басылымында айтарлықтай өзгеріс болмағандықтан, 1912 жылғы тұңғыш басылымы мен Қазан, Ташкент басылымдарының арасында да айтарлықтай өзгеріс жоқ деп болжам жасауға болады. Яғни «Баяншы» еңбегі көп өзгеріске түспеген.

Екі бөлімі де толық нұсқа ретінде «Баяншы»-ның 1920 жылғы Қазан басылымы мен 1921 жылғы Ташкент басылымын салыстырып қарастырғанда да айтарлықтай өзгерістер жоқ екен көруге болады. Бұл

туралы біз дайындаған «Ахмет Байтұрсынұлының әліпби, жазу, емле туралы еңбектері» (Е.Маралбек, 2023: 55-79) атты оқу құралынан да толық ақпарат алуға болады.

Негізгі айырмашылықтарын айта кетер болсақ, өзгерістер төмендегідей:

1) Қазан басылымының алғы сөзіндегі «албба», «жаңа оқу» терминдері Ташкент басылымында «алфба», «ысул сутие» болып берілген;

2) Ташкент басылымына араб-парсы сөздерін жазуда қолданылатын қаріптер мен харакаттарды үйрету әдісі баяндалған жаңа бір абзац енгізілген;

3) Қазан басылымындағы кейбір қазақша сөздер Ташкент басылымында өзбекше немесе Түркістан АКСР аумағының жергілікті сөйленісі бойынша берілген: Мысалы, *артық* – *афзал*, *бәріне* – *һәмесіне*, *ауыз* – *ауаз* т.б.

4) Ташкент басылымында кейбір сөздердің жазылуында баспа қателері бар. Мысалы, *ықтық* – *ынтық*, *ар* – *аз*, «*кәс* – *қас*» *емес*, «*тас* – *таиш*» т.б.

5) Кейбір дыбыстардың таңбалары ауысып кеткен немесе баспадан қате кеткен. Мысалы: Ташкент басылымының 8-бетіндегі дауыссыз дыбыстар мен олардың қаріптері қатарында /ж/, /ң/ дыбыстары жоқ, түсіп қалған. Бұлар Қазан басылымында бар; Ташкент басылымының 9-бетіндегі: «/Ш/ дыбысы /с/-нан көрі /ч/-ға жақын» деген сөйлемде /ч/ дыбысының орнына /ж/ болуға тиіс;

Бұлардан байқағанымыздай, «Баяншы» басылымдарында жүйелі, принципті өзгеріс жоқ, тек баспа қателері мен лексикалық бірліктер ішінара ауысқан. Сондықтан бұлардың 1912-1921 жылғы барлық басылымдарын бірдей басылым ретінде тануға болады. Бір айта кететіні, Ташкент басылымында графикалық қателер өте көп. Мұның себебін жоғарыда «Оқу құралы» (Алфба)-ның 1922 жылғы Ташкент басылымын сөз еткен тұста айтқанбыз.

1922-1923 жылдан бастап, әліпби реформасының екінші, үшінші кезеңінде Байтұрсынұлы оқулықтарына графикалық, мазмұндық өзгерістер ене бастағаны белгілі. Олай болса, «Баяншы» неге 1921 жылдан кейін жаңартылып, қайта басылмады деген сұрақ туады. Біздің ойымызша мұның екі себебі бар. Бірінші, жазу ережесі тұрғысынан: қазақ емлесі 1922 жылдан кейін, Ахмет Байтұрсынұлының ғана еншісіндегі мәселе емес, қазақ зиялыларының ұжымдық жұмысына айналып, нәтижесінде «Қазақ тілінің жаңа емле ережесі» түрінде жеке берілу себебінен. Екінші, әдістемелік тұрғыдан: дерегі бар, бірақ қазірге дейін табылмай келе жатқан Ахмет Байтұрсынұлының тағы бір еңбегі – «Әліппе астары» оқулығымен байланысты деп ойлаймыз.

Сенімді деректерде «Әліппе астары» 1924 жылы, 24 бет көлемінде жарық көрген деп беріледі. Еңбектің 1924 жылы жарық көруі оның графикасы мен мазмұнында 1923 жыл Білім комиссиясы қабылдаған емле

ереже мен 1924 жыл «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі» қабылдаған емле ережелерінің баптары көрініс тапқанын білдіреді. Яғни графикалық тұрғыдан жаңа нұсқа болуға тиіс. «Әліппе астары» деген атаудың өзі де «әліппенің ішкі астарын көрсететін, жүйесін баяндайтын кітап» дегенді меңзейтіндей. Қысқасы, еңбектің аты да, көлемі де, мерзімі де осы «Баяншы» еңбегінің жетілген нұсқасы екенін көрсететіндей. Бұл болжамымыздың негізсіз еместігін белгілі Ахметтанушы ғалым Ғарифолла Әнес айтқанын мына тұжырымынан да аңғаруға болады: *«Ахаң бұнымен шектелмей, «Әліппенің» тәпсіріндей бір емес, екі бірдей «Баяншы» кітабын жазды, ол туралы да тарқатып айтар әңгіме баршылық. Бір ойланарымыз – біз атын ғана білетін, бірақ мынау жалпақ әлемнің қиыр-қиырынан бір данасын да табу мүмкін болмай тұрған «Әліппе астары» атты кезінде тасқа басылған еңбегі болған-ды»* (Ғ.Әнес, 2022). Ғалым айтып отырған «Екі бірдей Баяншының» бірі – «Әліппе астары».

Зерттеу үстіндегі іздеуік ойымызды болжам түрінде одан сайын сабақтай берсек, «Нұсқаушы» атты, дерегі бар, бірақ табылмаған тағы бір еңбегі ересектерге арналған «Оқу құралы» немесе «Сауат ашқыш» еңбегінің жүйесін түсіндіретін еңбек болуы да мүмкін. Қалай болғанда да, бұл еңбектер әліппеге қатысты кітаптар екені даусыз.

«Оқу құралы» атауымен 1912-1913 жылдары үш кітап жарық көргені белгілі. Олар: «Оқу құралы» // Алфба, «Алфбаға жалғас екінші кітап» (Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын қаріптер) және «Баяншы». Аталған үш кітаптың алғашқы екеуі мұқабада «Бірінші кітап» және «Екінші кітап» деп беріледі. Ал «Баяншы» «үшінші кітап» аталмастан, «Алфбаға баяншы» деп беріледі. Әдетте Байтұрсынұлының желілес (сериалы) оқулықтары үш кітаптан тұрады. Мысалы, «Тіл-құрал», «Тіл-жұмсар». Олай болса, «Оқу құралы» да үш кітап болуға тиіс еді. Осы логикалық сұрақ бойынша тексеріп қарағанда, шынында да «Оқу құралы» үш кітаптан тұратын болып шықты. Үшінші кітаптың дерегін ХХ ғасыр басына тиесілі жазбалардан таптық. Бұл басылымның дерегі осы зерттеуде алғаш айтылып отыр, бұрын-соңды ешбір деректе кездеспейді. «Оқу құралының» үшінші кітабы 1912 жылы баспаға беріліп, жақын арада (1913 жылы болса керек) баспадан шығатыны хабарланған. Бұл үшінші кітапқа: «Алфбадан кейін оқытылатын үшінші кітап» деген сипаттама берілген. Ал оның мазмұны туралы: «Ғибратты сөздер, өлеңдер, мысалдар, ертегілер, мақалдар, һәм хикаялар бар» деп шағын аңдатпа берілген. Бірақ бұл оқулық сол жылы басылып шықты ма? Жоқ па? Еңбекті қазақ балалары пайдаланды ма? Бұл жағы белгісіз. 1914 жылы жарық көрген 124 беттен тұратын М.Дулатұлының «Оқу құралы» (Бастауыш мектепте екінші жыл оқытылатын қирағат кітабы) деп аталатын кітабы да болған, мазмұны да осындай осыған ұқсас. Бұл сол кітап болуы да мүмкін. Бірақ біз білетін

деректе «Үшінші кітап» деп анық жазылғаны, бұл оқулық Байтұрсынұлы «Оқу құралының» (алфбаның) үшінші кітабы деген ойға бізді көбірек сендіреді.

Қорытынды

«Оқу құралының» қазірге белгілі, нақты анықталған 23 басылымы бар, бұл басылымдар жүйесі бойынша әліппелер, оқу мәтіндері және үйрету әдісін көрсететін нұсқаулықтар болып 3 бағытқа бөлінеді. Аталған үш бағыт толыққанды болып, құрмаластықта қолданылғанда, білім мазмұнының жылдам, дұрыс, жеңіл меңгерілуіне қызмет етеді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу құралы» атты желілес оқулықтарын дайындауға барлық тәжірибесі мен ғылыми-әдістемелік әлеуетін заманның, саяси жүйенің мүмкіндік шеңберінде тиімді пайдалануға бар күшін жұмсады. Дегенмен, «Оқу құралы» басылымдарының эволюциясына XX ғасыр басындағы қазақ халқының білім деңгейі мен сауаты, дәуір талабы мен заман сұранысы, саяси-әлеуметтік факторлардың ықпалы зор болғандықтан, оқулық ұлттық мүдде тұрғысынан мінсіз бола алмады:

«Оқу құралы» құрылымы жағынан алғаш шыққан кезеңнен бастап ұлттық таным шеңберінде оңтайлы, жүйелі болуға икемделді, бұл үдеріс Кеңес одағы дәуірінде мемлекеттік бағдарламаларға бет бұра бастады;

«Оқу құралы» мазмұны жағынан 1912 жылдан бастап, ҚазАКСР құрылған алғашқы 4-5 жылға дейін үздіксіз даму, жетілу, жақсарту үдерісінде болды. 1924-1925 жылдадан кейін Кеңес үкіметінің қатаң бақылау саясаты күшейген сайын оқулық мазмұны саясилана бастады және ұлттық мүдде тұрғысынан тиімсіздеді.

«Оқу құралы» графикалық жағынан алғаш жарияланған 1912 жылдан бастап, соңғы басылымдары шыққан 1927-1928 жылдарға дейін үздіксіз даму, жетілу процесінде болды. Байтұрсынұлының «Өтпелі кезең емлесі», «Ұлттық кезең емлесі» бойынша толықтырылу, жетілдірілу үдерісінен өтті. Сол арқылы қазақ ұлттық жазуы мен емлесінің қалыптасуына, зор ықпал етті. Сондай-ақ қазіргі «Төте жаудың» негізіне айналды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақала ҚР ҒЖБМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 2024-2026 жылға арналған «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, іш корпустарын әзірлеу» (ЖТН BR24993244) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жарияланды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Әнес Ғ. Әр нәрсе әліппеден басталады / «Abai.kz» ақпараттық порталы. – 2020 жыл, 3-қыркүйек. <https://abai.kz/post/119794>
- [2] Әнес Ғ. Қазақтың алғашқы «әліппе» кітаптары / «Ана тілі» газеті, 2022 ж. 17-қараша. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/61202>
- [3] Мамырбек Ғ. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі / «Abai.kz» ақпараттық порталы. 2019 жыл, 30-қыркүйек. <https://abai.kz/post/98357>
- [4] Байтенова Қ. Мамырбек Ғ. Байтұрсынұлының әдістемесі / «Егемен Қазақстан» газеті, 2022 жыл 14-ақпан. <https://egemen.kz/article/304141-baytursynovtynh-adistemesi>
- [5] Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- [6] Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 4 т. Әліппелер мен мақалалар. – Алматы: «Алаш», 2006. – 320 б.
- [7] Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. IV (Әліппелер мен мақалалар, ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер). – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
- [8] Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 640 б.
- [9] Байтұрсынұлы А. Шығармалары – Сочинения. Он екі том. – 3 т. «Оқу құралы»: «Қазақша алфба»; «Әліб-бій»; «Жаңа құрал». – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022. – 396 б.
- [10] «Ахмет Байтұрсынұлының әліпби, жазу, емле туралы еңбектері»: оқу құралы. / ғылыми түсініктемесін жазып, құрастырған – Е.Маралбек. – Алматы: ЖК Асыл, 2023. – 584 б.
- [11] Шонанұлы Т. «Қазақ Ғылым кеңесінің жұмысы» / «Қызыл Қазақстан» журналы, 1923 ж. №19-21. – 105 б.

REFERENCES

- [1] Änec Ğ. Är närce älippenen bactalady [It all starts with the ABC] // «Abai.kz». – 2020. aqparattyq portaly. <https://abai.kz/post/119794> 24.02.2025 [in Kaz.]
- [2] Änec Ğ. Qazaqtyñ alğashqy «älippe» kıtapıary [The first Kazakh alphabets] / «Ana tılı» gazeti. – 2022. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/61202> 24.02.2025 [in Kaz.]
- [3] Mamyrbek Ğ. Ahmet Baitürsynülynyñ älippeci [The Baitursynuly method] // «Abai.kz» aqparattyq portaly. – 2019. <https://abai.kz/post/98357> 24.02.2025 [in Kaz.]
- [4] Baitenova Q., Mamyrbek G. Baitürsynülynyñ ädictemeci [The ABC of Akhmet Baitursynuly] / «Egemen Qazaqstan» gazeti. – 2022. <https://egemen.kz/article/304141-baytursynovtynh-adistemesi> 24.02.2025 [in Kaz.]

[5] Baitürsynov A. Tıl taғыlymy (qazaq tılı men oqu-aғartuға qatysty eñbekteri) [Tıl tagylymy (works on the Kazakh language and education)]. – Almaty: Ana tılı, 1992. – 448 b. [in Kaz.]

[6] Baitürsynұly A. Bec tomdyq шығармалар жинағы [The five-volume collection of works]. – 4 t. Әлппелер мен мақалалар. – Almaty: «Алаш», 2006. – 320 b. [in Kaz.]

[7] Baitürsynұly A. Alty tomdyq шығармалар жинағы [The six-volume collection of works Akhmet Baitürsynұla]. T. IV (Әлппелер мен мақалалар, ұлттық баспасөзде жарияланған көкемөздер). – Almaty: «El-şejire», 2013. – 384 b. [in Kaz.]

[8] Baitürsynұly A. Qazaq tıl bılıminıñ мәceleleri [Problems of Kazakh linguistics] / Qūract.: Ğ.Änec. – Almaty: «Abzal-ai» баспасы, 2013. – 640 b. [in Kaz.]

[9] Baitürsynұly A. Шығармалары – Cochinenia [Works // Sochinenia]. On ekı tom. – 3 t. «Oqu qūraly»: «Qazaqşa älfba»; «Älib-bi»; «Jäña qūral». – Actana: «Алашорда» QQ, 2022. – 396 b. [in Kaz.]

[10] Ahmet Baitürsynұlynyñ älipbi, jazı, emle turaly eñbekteri [The works of Akhmet Baitürsynұla on the alphabet, writing and spelling]: oqu qūraly. / Ğylymi tūcınıktemecın jazyp, qūractyrған – E.Maralbek. – Almaty: JK Acyl, 2023. – 584 b. [in Kaz.]

[11] Şonanұly T. Qazaq Ğylym keñecınıñ jūmycy [The work of the Kazakh Scientific Council] // «Qyzyl Qazaqstan» jurnalı. –1923. – Vol. 19-21. – B. 105. [in Kaz.]

ЭВОЛЮЦИЯ СТРУКТУРЫ, СОДЕРЖАНИЯ И ГРАФИКИ ПУБЛИКАЦИЙ АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ «ОҚУ ҚҰРАЛЫ»

*Маралбек Е.¹, Кожахмет А. М.²

*¹Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье сравнены двадцать три издания книг под названием «Оқу құралы» Ахмета Байтурсынулы, анализируется их структурное, содержательное и графическое развитие, определяется эволюция этих изданий. Учебники ученого имеют особое значение для подготовки казахских учебников сегодня, поскольку они являются новаторским, классическим произведением национального характера, стоящим у истоков казахской науки и образования. Тем не менее, в казахском языкознании до сих пор не было проведено сравнительного анализа публикаций «Оқу құралы», не составлена полная библиография и не рассматривались текстологические особенности. Даже полные издания труда не были опубликованы на

кириллице. Поэтому публикации учебников стали объектом специального исследования. Цель исследования – выявить опыт ученого в написании алфавита, учебника путем изучения эволюции книги «Оку құралы» Ахмета Байтурсынова. Анализ был разделен на три этапа: на первом этапе двадцать три издания «Оку құралы» были разделены на четыре группы, и рассматриваются их структурные и документальные особенности. На данном этапе исследование проводится в источниковедческом направлении; на втором этапе анализируются содержательные особенности изданий «Оку құралы». На этом этапе исследование проводится в лингводидактическом направлении; на третьем этапе проведено сравнительное исследование графических особенностей публикаций. На этом этапе исследование проводится в лингвотекстологическом направлении. В результате определены изменения в структуре и системе, дополнения и исправления в содержании, а также графическая эволюция труда «Оку құралы». Кроме того, на основе архивных исследований были выявлены неизвестные на сегодняшний день варианты изданий «Оку құралы», о которых не знают современные лингвисты, а также представлены доказательства ошибок, указанных некоторыми исследователями в предыдущих изданиях. Исследование проводилось на основе оригинальных публикаций «Оку құралы». На всех этапах исследования использовались сравнительно-исторические, текстологические и описательные методы в интегративном сочетании. В заключение были оценены причины изменений и развития публикаций «Оку құралы» и их результаты, а также сделаны итоговые выводы. Выводы и результаты исследования позволяют признать опыт Ахмета Байтурсынова в подготовке учебника. Является научно-методологической основой для подготовки казахского алфавита. Он также послужит теоретической основой при изучении проблемных вопросов казахской письменности и расширит научную базу теории письма.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынулы, «Оку құралы», «Букварь», «Байтурсыновский букварь», письмо, орфография, Төте жазу, История письма

THE EVOLUTION OF THE STRUCTURE, CONTENT AND GRAPHICS OF AKHMET BAITURSYNULA'S PUBLICATIONS "OKU KURALY"

*Maralbek E.¹, Kozhakhmet A. M.²

^{*1}Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

²al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article compares twenty-three editions of books called "Oku Kuraly" by Akhmet Baitursynov, analyzes their structural, meaningful and graphic development, and determines the evolution of these publications. The

scientist's textbooks are of particular importance for the preparation of Kazakh textbooks today, as they are an innovative, classic work of national character, standing at the origins of Kazakh science and education. Until now, Kazakh linguistics has not conducted a comparative analysis of the publications of "Oku Kuraly", a complete bibliography has not been compiled, and textual features have not been considered. Even the complete editions of the work were not published in Cyrillic. Therefore, textbook publications have become the object of special research. The purpose of the study is to identify the scientist's experience in writing the alphabet, a textbook by studying the evolution of the book "Oku Kuraly" by Akhmet Baitursynov. The analysis was divided into three stages: at the first stage, twenty-three editions of "Oku Kuraly" were divided into four groups, and their structural and documentary features are considered. At this stage, the research is conducted in the source direction; at the second stage, the substantive features of the publications of "Oku Kuraly" are analyzed; at the third stage, a comparative study of the graphic features of publications is conducted. At this stage, the research is conducted in a linguodidactic direction; As a result, changes in the structure and system, additions and corrections in the content, as well as the graphical evolution of the work "Oku Kuraly" were identified. At this stage, the research is conducted in the linguotextological direction. In addition, on the basis of archival research, unknown versions of the Oku Kuraly editions have been identified, which modern linguists do not know about, as well as evidence of errors indicated by some researchers in previous editions. The study was conducted on the basis of the original publications of Oku Kuraly. Comparative historical, textual, and descriptive methods in an integrative combination were used at all stages of the study. In conclusion, the reasons for the changes and development of the Oku Kuraly publications and their results were assessed, as well as the final conclusions were drawn. The conclusions and results of the study allow us to recognize the experience of Akhmet Baitursynov in the preparation of the textbook. It is a scientific and methodological basis for the preparation of the Kazakh alphabet. It will also serve as a theoretical basis for the study of problematic issues of Kazakh writing and expand the scientific base of the theory of writing.

Keywords: Akhmet Baitursynov, "Oku Kuraly", "The ABC", "Baitursynovsky primer", letter, spelling, Tote jazı, the history of writing

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 05.03.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Маралбек Ермұхамет (корреспондент автор) – PhD, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ахметтану бөлімінің

менгерушісі, жетекші ғылыми қызметкері, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: muhamet.maralbek@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-5954-8669>

Қожахмет Әсем Мұхитқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: sdu.ase@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0003-1871-0166>

Информация об авторах:

Маралбек Ермухамет – доктор философии (PhD), заведующий отделом Ахметоведение Института языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, ведущий научный сотрудник, Алматы, Казахстан, e-mail: muhamet.maralbek@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-5954-8669>

Қожахмет Асем Мухитқызы – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: sdu.ase@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0003-1871-0166>

Information about the authors:

Maralbek Ermukhamet – Doctor of Philosophy (PhD), Head of the Department of Akhmet Studies at the Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Leading Researcher, Almaty, Kazakhstan, e-mail: muhamet.maralbek@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-5954-8669>

Kozhakhmet Assem Muhitkyzy – doctoral student of al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sdu.ase@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0003-1871-0166>